

МРНТИ 14.15:01

10.51889/6105.2022.71.93.006

\* Курманбаева А. А.,<sup>1</sup> Жаппар К.З.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Университет «Туран», Алматы, Казахстан

<sup>1,2</sup> кандидат филологических наук, ассоциированный профессор университета «Туран»

<sup>1</sup>al.kurmanbaeva@turand-edu.kz, <sup>2</sup>k.zhappar@turand-edu.kz

## ДВУАЗЫЧИЕ И МНОГОАЗЫЧИЕ-УСЛОВИЯ ОБУЧЕНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

### Аннотация

Билингвизм, применяемый в различных условиях общества, является продуктом основных социальных отношений; в нем отражаются процессы и результаты взаимодействия носителей языка, их экономического, социально-политического и культурного уровней. Социальные факторы-экономика, политика, культура - определяют деятельность носителей разных языков. Развитие второго языка-проблема национальной языковой политики.

Есть разница между человеком, владеющим несколькими языками, и людьми, говорящими на двух или трех языках. Хотя эксперты часто говорят, что говорить на двух языках разумно, некоторые считают, что знание двух языков является необходимостью сегодня. Иногда эксперты говорят, что знание двух языков указывает на низкий интеллект этого человека, меньшее владение языками он приписывает изменения в морали и поведении человека.

**Ключевые слова:** Билингвизм, мультилингвизм, интеллект, инновации

\* Құрманбаева А. А.,<sup>1</sup> Жаппар К.З.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> "Тұран" Университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>1,2</sup> филология ғылымдарының кандидаты, "Тұран" университетінің қауымдастырылған профессоры

<sup>1</sup>al.kurmanbaeva@turand-edu.kz, <sup>2</sup>k.zhappar@turand-edu.kz

## БИЛИНГВИЗМ МЕН МУЛЬТИЛИНГВИЗМ - ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БІЛІМ ШАРТАРАБЫ

### Аңдатпа

Қоғамның әртүрлі жағдайларында қолданылатын Билингвизм негізгі әлеуметтік қатынастардың өнімі болып табылады; онда ана тілді халықтардың, олардың экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени деңгейлерінің өзара әрекеттесу процестері мен нәтижелері көрсетіледі. Әлеуметтік факторлар-экономика, саясат, мәдениет - әртүрлі тілдерде сөйлейтіндердің қызметін анықтайды. Екінші тілді дамыту-ұлттық тіл саясаты мәселесі.

Бірнеше тіл білетін адам мен екі немесе үш тілде сөйлейтін адамдардың айырмашылығы бар. Көбіне сарапшылар екі тілде сөйлеу ақылға қонымды деп айтып жатса, кейбіреулер екі тілді білу бүгінгі күннің қажеттілігі деп санайды. Кей кезде сарапшылар екі тілді білу бұл адамның интеллекттің төмендігін көрсетеді, тілдерді аз меңгеру ол адамның адамгершілік пен мінез құлқының өзгерістеріне жатқызады.

**Түйін сөздер:** Билингвизм, мультилингвизм, интеллект, инновация

\* Kurmanbaeva A,<sup>1</sup> Zhappar K.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Turan University, Almaty, Kazakhstan

<sup>1,2</sup> Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Turan University

<sup>1</sup>al.kurmanbaeva@turan-edu.kz, <sup>2</sup>k.zhappar@turan-edu.kz

## BILINGUALISM AND MULTILINGUALISM-LEARNING CONDITIONS FOR THE YOUNGER GENERATION

### *Abstract*

Bilingualism, applied in various conditions of society, is a product of basic social relations; it reflects the processes and results of interaction between native speakers, their economic, socio-political and cultural levels. Social factors - economy, politics, culture - determine the activities of speakers of different languages. The development of a second language is a problem of national language policy.

There is a difference between a person who speaks several languages and people who speak two or three languages. Although experts often say that speaking two languages is reasonable, some believe that knowledge of two languages is a necessity today. Sometimes experts say that knowledge of two languages indicates a low intelligence of this person, he attributes less proficiency in languages to changes in human morality and behavior.

**Keywords:** Bilingualism, multilingualism, intelligence, innovation.

### **Кіріспе**

Көптілділік – мемлекетіміздің, еліміздің маңызды саясаты, басым бағыты боп саналады. Ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін, халықтың бірлігі мен қоғамдық келісімінің нығаюындағы көптілділік мәселесін тиімді шешу ұлттың ұтымды түпқазығы. Мультилингвизм ғылымы кейінгі жылдары жаңа бағыттарды қамтып, көптеген практикалық және ғылыми-теориялық жағынан дамып, кең өріс алып, келеді. Бұл қазіргі уақыт сұранысы мен өмір талабына сәйкес пайда болып отыр.

Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген. Мұндай қазіргі инновациялық процес ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана емес, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзіне асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мультилингвизмді жолға қою екені баршамызға айқын.

**Әдістеме.** Мультилингвизм ұғымын қарапайым тілмен түсіндіргенде, жеке тұлғаның кемінде үш тілді меңгеруі боп табылады. Жаһандандыру жастардан да, басқадан да заман тілдерін білуді талап ететіндіктен, қазіргі таңда мультилингвизм киберкеңістіктегі маңызды мәселе боп келеді. Мультилингвизм - индивидумның көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі боп бөлінеді. Біздің елімізде де қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілін және қосымша қытай тілін де жетік меңгеру индивидумның тұлғалық және кәсіби деңгейін арттыруға, еліміздің еңсесін көтеруге көмектесетіні анық.

**Нәтижелер.** Мультилингвизм: индивидумның мультилингвизмі және ұлт пен ұлыстың мультилингвизмі болып бөлінеді. Мультилингвизмді меңгеру көптеген факторларға байланысты. Мультилингвизмді қажетсіну бір елдің, бір халықтың тілдік ортасы, әлеуметі, экономикалық өмірі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігіне тығыз қатысы

бар. Ұлттық құрамы бірдей, немесе бір-екі ғана этносорналасқан мемлекетте мультилингвизм жеке индивидтің қызығушылығы арқылы ғана қажет етілуі мүмкін Бұған Кореяны, Жапонияны, Исландияны, Германияны кіргізуге болады. Бұл ішінара мультилингвизм. Ал ұйғыр, өзбек, дүнген, күрд, түрік, Әзірбайжан, тәжік, татар, т.б. деп аталады, Жаппай мультилингвизм ол жалпы элеуметтік ортада қалыптасады. Ол Қазақстанда, АҚШ-та, Ресейде, Нигерияда, Үндістанда, Дағыстан халықтары, Кавказдағы армян, аджар, осетин, күрд, грек, т.б. халықтар арасында жиі кездеседі. Яғни жүзден астам ұлт пен ұлыс мекендейтін мемлекеттерге тән құбылыс. Біздің елімізде де 130-дан астам ұлыс пен ұлт орналасқандықтан көптілді меңгеру талап, шарт болып қалыптасуда. Біздің елде екі тілде еркін сөйлейтіндер аз емес. Мультилингвизм қостілділіктен, яғни билингвизмнен басталады. Кейінгі кезде әртүрлі шет тілін үйренуге назар қойыла бастағандықтан, елімізде де мультилингвизмді көтеру көбейіп келеді. Ұлт мультилингвизмі жаппай мультилингвизм жағдайында коммуникативтік формалар (әр алуан жаргондар, диалектілер, жеке тілдер, говорлар,) өте күрделі қолдану иерархиясын құрайтын социоллингвистердің зерттеу нысаны болып келе жатқан құбылыс.

1989 жылғы мәлімет бойынша, бұрынғы Кеңестер Одағындағы 73 млн. қос тілділердің (23,4%), 61 млн-ының екінші тілі орыс тілі болған. Олардың шағын ғана тобы мультилингвизмге жатқан. Мультилингвизмге сирек ден қойылған. Мультилингвизм үшін тілдің қолдану мәртебесінің жан-жақты болуы, қажеттіліктің қалыптасуы, сондай-ақ тілдердің туыстығы (генетикалық және типологиялық жақындығы) шешуші рөл атқарады [1].

**Талқылау.** «Үй-ішілік тіл» және «Базар тілі» тұрмыспен байланысты топаралық қатынас құралы ресми қатынас құралы болмай, тек ауызекі сөйлесу тіліне жатса, онда ұлт тілі билік жүргізетін әкімшілік тілі болуы керек. Ал бізде көп ұлтты аймаққа жатсақ та, әлі күнге ресми тіл іс барысында орыс тілі болуда. Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп саналады да, халықаралық байланыс тілі орыс, ағылшын деп есептеледі. Бұл тілдердің атқарар қызметі жан-жақты. Бұлар ғылым мен білімнің, пен баспасөз бен ақпараттың мәдениет пен әдебиеттің тілі. Халыққа ортақ қарым-қатынас құралы.

«Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан мультилингвизмнің бастау алғаны белгілі. Елімізде «Тілдің үштұғырлығы» туралы тіл саясатына ХХІ ғасырда қатты назар аударылуда. Тіл туралы стратегия 2004 жылы жария етілді. Еуроодақтық үштілді білім тәжірибесін тарихи қажеттілік болғандықтан заңды түрде енгізді. Қазақстан халқына арнаған “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты кезекті Жолдауда “Тілдердің үштұғырлығы” мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен еді.

«Елдің түрлі өңірлерінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыта отырып, үш тұғырлы тіл қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс». Қазіргі уақытта “Тілдердің үштұғырлығы” жобасын іске асыру үшін мәдени қоғамдық өмірдің салаларында қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қолданылып қамтамасыз етілуін, ал ресми тіл ретінде және ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін, ғаламдық экономикаға табысты кірігу ретінде ағылшын тілін қолдану туралы сан түрлі шаралар қолға алынуда. Әртүрлі тілдерді қатар қолдануда Қазақстан тәжірибесінің аз екендігі де ескерілу керек. Бұл бағытта атқарылған іс-шаралар әсіресе, ауылдық жерлерде жақсы нәтиже берерліктей жүзеге аса қоймады. «Кеңестік кезеңге дейінгі бай дәстүрі, мол лексикалық қоры бар қазақ тілінің кейінгі кезеңдерде әдебиет тілі ғана болып, ғылым мен экономика тіліне айнала алмауы да,

қостілділікте (билингвизмде) орыс тілінің басымдылығы ғана емес, үстемдігіне әкелгені рас».

Әрине, Ата заңымызда әлемдік тілдерді әр адамның еркіне орай меңгеруге құқық берілген. Әрбір қазақстандық тұлғаның көбірек тілді меңгергені мемлекетіміздің экономикалық, саяси, мәдени байланыстарының белсенді дамуына әкеледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, үш-төрт тілде білім меңгерген мәдениеті мықты, адами-рухани қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеуде мультилингвизмнің маңызы зор. Әрине, мультилингвизмді меңгеру психологиялық күрделі үдеріс.

“Үштұғырлық” үш тілді қамтығанымен, мәдени жобаны іске асыру барысында қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесіне сай басымдық бағыт беріледі. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және конституциялық мәртебесіне сәйкес қоғамдағы рөлін нығайтуға, еліміздің барлық азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруіне қажетті барлық материалдық-техникалық жағдайларды жасауға аса көңіл бөліну керек. Дей тұрғанмен, қазақ тілінің экономика мен ғылым тіліне айнала алмауының ең негізгі себебі - қазақ тілді ортаның белсенді әрекетінің төмендігінен. Әрбір қазақстандық үшін қазақ тілі - негізгі тіл. Сондықтан мемлекеттік саясаттың негізгі бағытын дамытуда қазақ тілінің рөлі зор екені белгілі. Әл-Фараби бабамыздың 77 тіл білгені біз үшін мақтаныш.

Қазіргі таңда бізге қазақ тілінің уызына қаныққан, іскер, ұлттық мұраны құрметтейтін, дүниетанымы мол, шығармашыл, шабытты да зиялы тұлғаның қажет екені белгілі.

Отандық оқу үрдісі барысында екі не үш, төрт тілде білім беру, көптілді білім алудың өзіне тән қиындығы да бар. Еліміздің мектебінде үш тілде оқыту реформасы қаралғаны қазіргі заман қажеттілігі. Дей тұрғанмен бұл бағыттың олқылықтары мен осал тұстары да аз емес. Мектеп жасындағы оқушы қазіргідей орыс және ағылшын тілдерін 1-сыныптан бастап оқығаны әжептеуір қиындық туғызады. Бұл қанша жерде айтылып та, жазылып та жүр. Баланың ой-өрісінің дамуына, ойлау қабілетіне де кері әсері әсіресе, ауылдық мектептерде көрініп қалуда. Қазақ немесе орыс тілін еркін меңгеріп, сол тілде ойлау қабілетін қалыптастырған бала ғана ағылшын, қытай, испан, үнді т.б. тілдерді ұлттық тіліне тең дәрежеде қолдана алады.

**Қорытынды.** Мультилингвизм - жас ұрпақтың білім шартарабында самғауына жол ашатын, қабілетін танытуға мүмкіндік беретін, ғаламның ғылым құпияларына үңілдіретін, үміт беретін сәуле. Елімізде мәдениетті, көптілді тұлғаға деген сұраныстың артуы әлемдік және отандық ақпарат кеңістігіне жаңа білім кіріктірудегі мәселелерді табысты шешеді. Киберкеңістіктегі коммуникативті индивидумның адамгершілік-рухани қасиетін арттыру үшін, ол жан-жақты болу қажет. Патриот болып, ұлтаралық қатынас мәдениетін меңгерген тәрбиелі тұлға болуы керек. Сонда ғана оқу-әдістемелік, ғылыми, медициналық, ақпараттық-технологиялық, т.б. салалардағы жаңалықтар, әлемдік озық тәжірибелерден хабарымыз болып, оларды игілігімізге пайдаланамыз, халықаралық байланыстарды нығайтамыз, әлемдік аренада танымал боламыз.

Бүгінде жастарымыз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сайыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті. Сол батыл тұлғаның өз болмысын тануға көмектесіп, ұмтылысын қолдап, талап-тілегін, қабілеттерін дамытпай, оған толыққанды рухани күш беру – әрбір азаматтың басты міндеті. Бұл міндеттің орындалуы үшін көптілділікті қолдай отырып, қазақ тілінің мәртебесін көтеруді ойластырған абзал.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Толеубекова Л.Д. Мультилингвизм – білім берудің жаңасатысы. // <https://kk.wikipedia.org/wiki>

2. Абдиркенова Акбидаш Капановна Мультимедиа-заман талабы // <http://group-global.org/kk/publication/3768-koptildilik-zaman-talaby>.
3. Сраилова Г.М. Мультимедиа - әлемтану көпірі // <http://www.rusnauka.com>
4. Қадырбаева Ж. Мультимедиа - білім берудің жаңа бағыты // <http://bilimdinews.kz/index.php/item/>

*References:*

1. Toleýbekova L.D. Mýltingvizm – bilim berýdiń jańasatysy. // <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Abdırkenovaakbidash Kapánovna Mýltingvizm-zaman talaby // <http://group-global.org/kk/publication/3768-koptildilik-zaman-talaby>.
3. Srailova G.M. Mýltingvizm - álemtaný kópiri // <http://www.rusnauka.com>
4. Qadyrbaeva J. Mýltingvizm - bilim berýdiń jańa baғыty // <http://bilimdinews.kz/index.php/item/>